

Мерекелеріңізбен, аяулы аналар мен арулар!



АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№9
(879)

Сейсенбі, 3 наурыз 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **қаулы етемін:**

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26 сәуіріне тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін. Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

Осы Жарлық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2015 жылғы 25 ақпан. №1018.

Ұлы Жеңіске арналады



халқы неміс фашистерімен айқасып, өздерінің рухани және материалдық күштерін сарп етті.

Әскерлердің Москва түбіндегі жан кешті табандылығын қалай ұмытуға болады?

Курскі доғасындағы күні-түні шықырлаған мыңдаған танктер атысын ұмытуға бола ма?

Ал Кавказдағы ұрысты ше?

Ал Белоруссияның өртеніп, қираған ормандары?

Ленинград блокадасындағы 900 ерлік күндер мен түндер.

Жоқ, олар ардагерлердің жүрегінде әлі күнге дейін тірі. Соғыс жылдарында кішіден үлкенге дейін бәрі Отанды қорғауға атсалысты. Соғысқа кеткен әкелері мен ағаларының орнына станоктарға олардың әйелдері мен балалары, қарындастары тұрды. Әйелдер алқаптарда жұмыс істеді, поездарды жүргізді, танктер, самолеттер, оқ-дәрілер жасап шығарды.

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» - міне осындай ұранмен тылда Жеңісті жақындатты.

Москваны қорғауда біздің қазақстандықтардың басты тарихи рөл атқарғаны белгілі. Москваның қаһарлы күндерінде маршал Г.К.Жуков «Қазақстаннан келген қосымша әскерлер жауапты қорғаныс орындарына жіберілсін, өйткені олар сенімді, шыдамды және белсенді күреседі» деп бұйырды. (Г.К.Жуков «Еске алу және толғану»).

Москва түбіндегі ұрыс жалпы санағанда 203 күнге және түнге, үлкен кеңістікке, шамамен Францияның аумағындай жерге созылды.

Москва түбіндегі ұрыс Ұлы Отан соғысының алдағы уақыттағы қарқынында үлкен нәтиже қалдырды.

2015 жылы 9 мамырда бүкіл халық Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдық мерейтойын тойлайды. Біздің де ауданымызда сол Ұлы Жеңістің куәгерлері-Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектері, фашист концлагерлерінің тұтқындары, Ленинград Блокадасының тұрғындары, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан мүгедектердің жубайлары, тыл еңбеккерлері тұрады.

Біз Сіздермен бірге осы тарихи күнді қарсы алуымыз керек, бұл Сіздердің майдандас серіктеріңіз бен жолдастарыңыз туралы естелік.

Рәш ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ардагерлер, мүгедектер және оралмандармен жұмыс жасау секторының бас маманы.

2015 жылдың наурыз айында

Айыртау аудандық мәслихаты хатшысының азаматтарды қабылдау кестесі

Тілеубаева Раушан Райымжанқызы - Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы, әр айдың екінші және соңғы сәрсенбісі, сағат 11.00-ден -13.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш.Уәлиханов көшесі, 44, телефон – 22-643, 21-902.

Назар салыңыздар! Байқау!

Айыртау аудандық мәслихатының депутаттық корпусы қазақ хандығының 550 жылдығына және ұлы ғалым Ш.Уәлихановтың туғанына 180 жыл толу құрметіне аудан мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында шығармалар байқауын жариялайды:

1. Аралығы Сырымбет аймағы: Айғаным ханша мен кемегер Шоқан.
2. Шоқан – мәңгі өшпес шамшырақ, Айғаным ел басқару ісіндегі беделді тұлға.

3. Жарқын тұлғалар: Айғаным ханша, асқақ немере.
Байқау 2015 жылғы 10 наурыздан 2015 жылғы 30 сәуір аралығында өтеді.

Жұмыстарыңызды мына мекен-жай бойынша жіберіңіздер: 150100, Айыртау ауданы, Саумалкөл с., ықшам аудан, аудандық білім беру бөлімі.

Қымбатты әйелдер!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» ұзақмерзімді Стратегиясында «Әйел – үйдің тірегі, еңдеше – мемлекеттің тірегі» - деп ерекше атап өткен болатын.

Тамаша да жарқын 8 наурыз мерекесі бізге барлық айналардың жаңаруы мен оянуының жаршысы ретінде алғашқы көктем шуақтарымен бірге келеді.

Әйелдің жанұя мен қоғамдағы рөлі әрдайым да айырықша.

Әйел жанұя ошағының сақтаушысы бола отырып өз жақындарына жайлылық пен жылылық сыйлайды.

Әйелдерге мансап шыңы әрқашан да ашық, сіздер жауапты мемлекеттік және қоғамдық қызметтерде жүріп те, ірі кәсіпорындарды басқара отырып та әралуан салаларда табыстарға қол жеткізудесіздер, туған өлкеміздің дамуына айтарлықтай үлес қосып келесіздер.

Жандарыңыздың кеңпейілділіктерімен және сарқылмас қуаттарыңызбен сіздер жанұяда игілік жасай отырып, айналадағыларыңызға сенімділік пен қолдау сезімін орнықтырасыздар. Сіздердің махаббаттарыңыз, қамқорлықтарыңыз бен шыдамдылықтарыңыз үшін рахмет.

Аяулы арулар! Сіздерді шын жүректен көктемнің тамаша мерекесімен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, жанұялық бақыт пен игілік тілеймін. Жүректіңіздегі мейірімділік пен жанұя ошағының жылуы ешқашан сарқылмасын.

Ерік СҰЛТАНОВ,

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Құрметті ақ жсаулықты әжселер, ардақты аналар, аяулы қарындастар!

Жылы шырайлы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен сіздерді шын жүректен құттықтаймын!

8 Наурыз – аяулы аналарға тән әсемдік пен сұлулықтың, күллі әлемге шуақ шашқан мейірімнің мерекесі.

Бұл мереке жалпы адамзатқа әйел адамзатының отбасындағы рөлін айғақтатып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірдегі белсенді қызметін көрсетеді. Бүгінгі күні қоғамымыздағы сіздердің қажырлы еңбектеріңізбен жасалып жатқан бар игілік пен жақсылықтар еліміздің баянды болашағының кепілі деуге толық негіз бар.

Әйел азаматшалар экономикамыздың барлық саласында жұмыс істеп, басшылық қызметтің бел ортасында жүріп, мәселе шешуде жауапкершілік жүгін қоса арқаалап келеді.

Әлемдегі барлық жақсылық, жылылық пен ұлылық ең әуелі отбасынан басталып, одан әрі ұжым, орта, қоғамға тарайды десек, соның бәрінің ұйытқысы – ана екені шындық. Сондықтан да аналарға деген құрмет шексіз бола бермек.

Айыртау ауданының аяулы әйелдері!

Баршаларыңызды 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отыра, дөңдеріңізге саулық, үлкен бақыт, отбасыларыңызға амандық, қуаныш тілеймін!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,

Айыртау ауданының әкімі

Қазақстан халқы Ассамблеясына - 20 жыл

АССАМБЛЕЯ – ТАТУЛЫҚ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы - ол әрі іргетас, әрі бейбітшілік, рухани келісім мәдениетінің негізгі қағидаты. Ассамблея - мемлекеттік органдардың халықпен жемісті ұнқатысуын, барлық этностар өмірлерінің өзекті мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етуші ұйым. «Дамудың сыры - бірлікте, Табыстың сыры - тірлікте». Мұратқа жолын тапқан жетеді. Еңбегіміздің жанбағы біздің ортақ үйімізді бейбітшіліктің бесігі етіп, барды бағалай білуімізге байланысты. Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласак, еліміздегі



Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру

ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл – оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Кез келген мемлекет үшін қоғамдық келісімнің маңыздылығы ерекше. Халық үшін бейбіт заманда мамыражай өмір сүруден артық ешқандай бақыт жоқ. Сондықтан елімізде татулық пен тұрақтылыққа Тәуелсіздік алған жылдан бастап ерекше мән беріліп келеді.

Осыған орай, наурыздың 1-і күні Арықбалық ауылында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған аудандық шара жалғасын тапты.

Ауылдық Мәдениет үйінің маңында ұйымдастырылған ауыл шаруашылық жәрмеңкесін тамашалаған аудан әкімі,

пен келісім тіледі. Сонымен қатар сахна төрінде аудандағы түрлі қоғамдық шараларға белсенді қатынасып жүрген ұлттық мәдени орталықтарына аудан әкімінің Алғыс хаттары мен сыйлықтарын табыстаса, дәл осы күні Арықбалық ауылында құрылған «Понтос» грек ұлттық-мәдени орталығының тұсауы кесіліп, орталыққа Алғыс хат пен арнайы сыйлығын табыстады.

Салтанатты мерекелік шара аудандық көркемөнерпаздар ұжымдарының күшімен дайындалған мерекелік концертіне ұласты.

Біздің елдегі бірлік пен қоғамдық келісімнің бастауы - Қазақстан халқының ортақ тарихы. Ғасырлар бойы тағдыр талайына ұшыраған халықтарды



қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Бұл бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Бүгінде Ассамблея Ел Президенті төрағалық

«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Мәдениет үйінде ұйымдастырылған түрлі үлдіктерінің ұлттық тағамдарының көрмесін де тамашалады.

Салтанатты жиында сөз алған аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы елімізде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен барша айыртаулықтарды құттықтап, баршасына отбасылық бақыт, бейбітшілік

құшағына сыйдыра білген қасиетті Ұлы Дала көптеген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айнала білді. «Бақта, тақта таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады», деген дана бабаларымыз. Сондықтан да атқаратын игілікті істеріміз халқымыздың болашағын бірлігімізбен берік етсін!

Бағлан ҚОЖАКОВ,

Суретті түсірген Ирина БУРКОВСКАЯ.

«Нұр Отан»: күнбе-күн КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯ

Аптаның алғашқы күні «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының мәжіліс залында аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің төрағалығымен партияның кезектен тыс XXIV конференциясы болып өтті.

Конференцияның күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат етіп ұсыну және «Нұр Отан» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының кезектен тыс XXII конференциясына делегаттар сайлау туралы мәселелер қаралды. Аудандық партия филиалының төрағасы Ағзам Ахметжанұлы «Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы бастамасы Парламент депутаттары мен саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, еңбек ұжымдары тарапынан қызу қолдау тапты. Бастаманы айыртаулықтар да қызу қолдап, еліміздің ертеңің біздің болашағымызды айқындайтын тандау жасайтынымызға сенімдімін», – деді.

Жарысөзге шыққан өзге де делегаттар Елбасының Жолдауы ел дамуының бағыт-бағдарын айқындап берген жылдың ең маңызды құжаты екенін, бүгінде экономикалық және саяси тұрғыда қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысы екенін атап айтып, бәрі де Нұрсұлтан Назарбаевты Президенттікке кандидаттыққа ұсынуды бірауыздан қолдады.

Өз хабарымыз.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл!

АРНАЙЫ ТЕЛЕФОН ТАБЫСТАЛДЫ



1941-1945 жылдарды шарпыған Ұлы Отан соғысында етігімен қан кешкен ерлердің ерліктері ел жадында мәңгі сақталары анық. Биыл Ұлы Жеңіске 70 жыл. Осынау торқалы той қарсаңында Отан үшін от кешкендерге құрмет көрсету толастар емес. Елбасының өзі бас болып аталарымызға құттықтау хаттар жолдап, сый-сияпаттар жасалып жатса, бүгінде республика көлемінде «Өмір жолы» әлеуметтік акциясы аясында Ұлы Отан соғысы ардагерлері өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы құрылғылар табысталуда.

Аптаның алғашқы күні аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров бірнеше волонтерлармен бірге ауданның соғыс ардагерлері Александр Белоногтың, Константин Кубрактың, Петр Леонченконың, Владимир Зувейтың, Николай Лыткиннің, Александр Грековтың және Николай Ивановичтердің үйлерінде болып, «дабыл түймешесімен» жабдықталған ұялы телефонды тарту етті.

Ал аталмыш құрылғының қолданылу тәртібімен бірге келген волонтерлер түсіндіріп өтті.

Мұндай байланыс түрі арқылы көмек көрсету қызметі АҚШ, Ресей сынды дамыған мемлекеттерде іске қосылған. Еліміздің аумағында бұл жүйе алғаш рет енгізілуде. Құрылғы қарапайым ұялы телефон секілді. Тек артқы жағында «SOS» түймешесі болғандықтан оны басқан ардагер көмек орталығымен автоматты түрде байланысқа шығып, бұйымтайын айта алады. Жүйе тәулік бойы жұмыс істейтіндіктен, ардагерлер кез келген уақытта хабарласып, көмек алу мүмкіндігіне ие бола алады. Сонымен қатар, ардагерлер тек медициналық көмек қана емес, басқа да қажетті қызмет түрлерін ала алады, – дейді олар. Айта кетерлік маңызды жәйт, игілікті шара Республикалық ардагерлер ұйымдары Орталық кеңесі мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қорының өзара жасасқан Меморандумы негізінде жүзеге асырылуда.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Мереке қарсаңында

ӨМІРДІҢ ГҮЛІ, ӨМІРДІҢ НҰРЫ

Адамзатқа әлемнің жарығын сыйлаған өмірдің шамшырағы, күннің шуағы аналарымыздың, қыз-келіншектер мен қарындастарымыздың төл мерекесі де келіп қалды. Бұл – жүректерді нұрға толтыратын, көктемдей құлпырған арулардың ажарына ажар қосатын ұлы мереке!

Бұл күн ізгіліктің, махаббаттың, көктемгі жаңарудың салтанат құрған шағы. Табиғаттың өзі ерекше етіп жаратқан аруларымыз, аналарымыз жаңа өмірдің, мейірімділіктің, қайырымдылықтың жаршысы саналады.

Ханды да, қараны да өмірге әкелетін – АНА! «Шаруаға-жер, көпеске-құрмет, жауынгерге-соғыс, саудагерге-ақша, ал әйелге барлық әлем қажет» Адамзатты жарататын - әйел, ұлтын көбейтіп, ұрпағын жалғайтын да - әйел, дүниенің тірегі тағыда сол Әйел.

Базарбекова Күліш Дүйсенбіқызы 1924 жылы 6 мамырда Көкшетау қаласында дүниеге келген. Дүние есігін жаңа ғана ашқан сәби екі айлығынан асқан соң анасынан айырылып, Шолақөзектегі нағажы әжесінің қолында тәрбиеленеді. Нағашыларында тәрбие алған Күліш Дүйсенбіқызы Шоққарағай ауылындағы орыс мектебіне оқуға барады. Ауылдың барлық балаларымен бірге мектепте оқып жүрген кезінде Ұлы Отан соғысы басталады.

Соғыс жылдары – қан мен тердің тоғысқан жылдары... Бес жыл бес ғасырдай сағызша созылып, балалардың балалығын тартып алды. Жаралы жүректер мен күндіз түні тыным таппаған жанның бақытын алды... Қара көз қыздардың көзінің мөлдірін алды, оны шыққа толтырды. Қаншама жанды бақытынан айырса, сонша жанды өмірінен айырды. Сол жылдары қызмет еткен жандардың мүмкіншілігі де шектеулі еді. Олардың көрген әр күні ауыр жұмыс пен қатал тағдырдың соққысына толы еді. Соған қарамастан өмірдің ағысына қарсы жүріп, осы



уақытқа дейін жеткен аталарымыз бен әжелерімізге құрметіміз бен алғысымыз шексіз. Сол ардақты жандардың бірі – біздің кейіпкеріміз Күліш Базарбекова да бар.

1942 жылы қаршадай 17 жасар қыз Қарағанды облысы Жезқазған ауданына қарасты Қарсақбай қаласындағы мыс зауытына еңбек армиясына алынады. Өзіндей қыздардың барлығы да, сол жылдары, ауыр жұмысты атқарып жүреді. 1944 жылға дейін сол зауытта қолдарына кетпен ұстап тас қопарады.

Осылай соғыс жылдарында еңбек етіп шыныққан Күліш апай 1944 жылы еліне оралады. Елге оралып келген соң, сол жылдары Ұлы Отан соғысына қатынасып, ауыр жарақатынан соң елге қайтып оралған Бүркіт Сәдуақасұлы Базарбековпен шаңырақ көтеріп, дүниеге үш ұл мен үш қызды әкеледі.

1947 жылдан бастап Сырымбет, Қаратал кеңшарларында әртүрлі жұмыстарды атқарады. Жолдасы Бүркіт Базарбеков сол жылдары Сырымбет колхозында, Қаратал кеңшарында басқарма болып үздіксіз қызмет істейді. Сонан соң еңбек демалысына

шығып, Ұлы Отан соғысының ардагері, II топтағы соғыс мүгедегі Бүркітбай Сәдуақасұлы 1984 жылдың тамызы айында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы алған жарақаты сыр беріп, бұл дүниеден бақилыққа озады.

92 жасқа қараған Күліш апай қазіргі кезде Саумалкөл ауылында тұрады. Тәрбиелеп өсірген балалары мен қыздарынан немере, шебере сүйіп отырған бақытты жан. Екі ұлы мен бір қызын жер қойнауына беріп, қалған балалары мен немерелерінің ортасында бақытты күн кешуде.

Күліш Дүйсенбіқызы еңбек еткен жылдарында 1982 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімімен «Еңбек ардагері» медалімен, Ұлы Жеңістің 50,60,65 жылдық мерекелік медальдарымен марапатталған. 1991 жылы КСРО Президентінің Жарлығымен «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ұлы Жеңістің 55 жылдығына орай ТМД Үкіметтері басшыларының 1999 жылғы 8 қазандағы Кеңесінің шешімімен Күліш Базарбековаға «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері» деген атақ беріледі.

Міне, осындай қиын кезеңдерді басынан кешірген Күліш апайға Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай әлеуметтік қолдау көрсетілсе екен дейміз. Өмірінің бар жігерін соғыс жылдарында еңбек майданына арнаса, бейбіт өмірде де қажымастан елі үшін аянбай еңбектенді. Енді, міне тоқсаннан асқан шағында денсаулығына байланысты пәтерінің ішінде жүріп-тұруы қиын тудыруда. Осындай батыр Аналарымызға алдағы мерекелер қарсаңында көбірек көңіл бөлініп, еліне сіңірген адал еңбектері бағаланып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Біз де Күліш апайымызды 8 Наурыз және Жеңістің 70 жылдық мерекелерімен құттықтап, деніне саулық, отбасылық бақыт тілейміз!

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Айыртаулық Кеңес Одағының Батырлары

Григорий АСЕЕВ


1920 жылы Айыртау ауданының Петропавловка ауылында туған. Білімі орта. 1939 жылдан – әскери-теңіз флотында қызмет еткен.

1942 жылғы қаңтарда қан майданға кіреді. Солтүстік флоты 5-ші мина-торпедо авиациясы 9-шы гвардия полкінің атқыш-радиосы, гвардия аға сержанты Г. Асеев 81 рет өуеге көтеріліп, 4 көлікті, 2 күзет кораблінің каботаж кемесін суға батырды. 1 ұшақты құлатты.

1942 жылдың 1 шілдесінде Г. Асеев өуеді ұрыста көзге түсті. Атқыш-радиосы жау истребителінің шабуылдарын мүлтіксіз тойтарып отырды. 1942 жылдың тамызында біздің әуежай жау соққысының астында қалды. Сол жолы Г. Асеев өртенген ұшақты көріп, оны құтқарып қалуға ұмтылды. Ол дегеніне жетті, бірақ денесін күйік шалып, госпитальға түсті. Майдандық газеттерде ең батыл жауынгерлердің бірі ретінде Г. Асеевтің есімі талай рет аталды. Тағы бір жерлесіміз А.И.Скнарев онымен бірге соғысты. Бір жылдай бірге болған екеуі талай рет көкке көтерілді.

Ержүрек ұшқыш Жеңіс күнін көре алмады. 1944 жылдың 16 қазанында гвардиялық экипаж жаудың көлігін суға батырды. Бірақ бүкіл экипаж ажалдарын аспаннан тапты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен Г.С.Асеевке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен Ленин, Қызыл Ту, екінші дәрежелі Отан соғысы және Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталды. Чита облысындағы Карымское көлтінің бір көшесі және Саумалкөлдің бір көшесі батыр жерлесіміздің есімімен аталады.



Григорий ГУБАРЬКОВ

1926 жылы Айыртау ауданындағы Качиловка ауылында туған. 7-сыныпты бітіріп, Өзбекстандағы Жизақ қаласында жүргізуші болып жұмыс істеді.

1944 жылдың жазында майданға шақырылды. 1-ші Белорус майданы 2-ші танк армиясы 12-ші танк корпусы 34-ші мотоатқыштар бригадасы мотоатқыштар батальонының пулеметшісі болды. 1945 жылғы 21 қаңтарда Иновроцлав қаласы (Польша) үшін болған шайқаста қалаға алғашқылардың бірі болып кірді. Жаудың қарсы шабуылын тойтару кезінде жара-ланса да қатардан қалмай, батырлық пен жауынгерлік шеберліктің үлгісін көрсетті.

1945 жылғы 27 ақпанда Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

1951 жылы соғысқа дейін өзі еңбек еткен Жизақ қаласына оралды. Ұжымшарда, со-сын кеңшарда еңбек етті.

Ленин, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталды.

Соңғы жылдары Запорожье қаласында тұрды.

Айыртау ауданындағы Саумалкөл ауылының бір көшесі қазір Г. Губарьковтың есімімен аталады.



(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» кітабы бойынша дайындалды).

2015 жылдың наурыз айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау кестесі

Реттік №	Күні	Қабылдаушының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	04.03. 2015 ж.	Ризанов Арман Тортайұлы	Айыртау ауданының прокуроры (келісім бойынша)
2	06.03. 2015 ж.	Тұралинов Мырзабай Шәріпұлы	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, ПБК-ның төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)
3	11.03. 2015 ж.	Жақыпов Сайрамбек Кәрібайұлы	«Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ басшысы, «Болашақ» АПҰ төрағасы (келісім бойынша)
4	13.03. 2015 ж.	Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы	«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі (келісім бойынша)
5	18.03. 2015 ж.	Есенғалиев Сырымбет Қайрошұлы	«Баянтай» ЖШС-нің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
6	20.03. 2015 ж.	Гладкий Александр Владимирович	«Гладких» ЖК басшысы, депутаттық фракциясының орын-басары, аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
7	25.03. 2015 ж.	Жанахметов Берік Темешұлы	«Казпошта» ААҚ АПБТ басшысы, аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
8	27.03. 2015 ж.	Глеубаева Раушан Райымжанқызы	Аудандық мәслихаттың хатшысы, Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі және жұма күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).

Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 20-242, 79-062.

2015 жылдың наурыз айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аумақтық филиалының сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшелерімен азаматтарды қабылдау кестесі

Реттік №	Күні	Қабылдаушының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	04. 03. 2015 ж.	Молдахметов Саят Фазизұлы	Аудандық орталық аурахананың бас дәрігері, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, аудан әкімінің құқықтық мәселелері жөніндегі кеңесшісі (келісім бойынша)
2	11.03. 2015 ж.	Ахметжанов Болат Қадірұлы	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, ПБК-ның төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)
3	18.03. 2015 ж.	Галиаскарова Альфия Васильевна	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, ПБК-ның төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)
4	25.03. 2015 ж.	Тұралинов Мырзабай Шәріпұлы	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, ПБК-ның төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).

Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 20-242, 79-062.



«МЕН – ҚАЗАҚТЫҢ КЕЛІНІМІН», - дейді Надежда Батенова



Надежда Александровна жөнінде балабақша тәрбиешілері:

«Надежда өз ісінің шебері. Шәкірттеріне мектепке дейінгі білім мен тәрбие берумен шектелмей, балабақша өміріндегі қоғамдық шараларға да белсене қатынасып, өзге ұлт өкілдері арасындағы мемлекеттік тілді насихаттау аясындағы түрлі байқауларда жоғары белестерге жетіп жүрген аяулы жар, үлгілі ана, тәжірибелі әріптес» - дейді.

Жақында Надежда Батенова Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында облыста өткен «Тіл – татулық тірегі» атты облыстық байқауға қатынасып, жүлделі III орынды иеленген болатын.

Надежда Батенова (Бабенко) 1984 жылы Саумалкөл ауылында дүниеге келген. 2001 жылы №1 Саумалкөл орта мектебін бітірген соң, Көкшетау қаласындағы «Көкше» Академиясына мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешісі мамандығына оқуға түседі.

2005 жылы аталмыш білім ордасын тәмамдаған Надежда еңбек жолын Саумалкөл ауылындағы «Колосок» балабақшасында тәрбиеші болып бастайды.

Мектеп қабырғасында оқып жүрген кездерінен бастап Надежда қазақ тілі пәнінен пәндік олимпиадаларға қатынасып, жүлделі орындарға ие болады. Сонымен қатар қазіргі кезде балабақша қабырғасында қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мәншүк Қожатаева Надежданы түрлі байқауларға дайындауда.

Надежда Александровна Тайынша ауданына қарасты Зелений Гай ауылының тумасы Жасұлан Батенов-

пен отбасын құрып, дүниеге Карина есімді қызды әкеледі.

- Туған жеріміз, өскен еліміз Қазақстан болғандықтан, баршамыз сол елдің тілінде сөйлеп, салт-дәстүрін бойымызға сіңіруіміз керек. Менің Тайынша ауданына қарасты Зелений Гай деген жердегі Рахмет Батенов деген кісінің отбасына келіп болып түскеніме 13 жыл болды. Енем бұл дүниеден бақилыққа озған, ал атам сол Зелений Гай ауылында тұрады. Қызым - Карина №1 Саумалкөл орта мектебінің оқушысы, жасы 12-де.

Қонақтар, қайын жұртымнан туыстарым келіп жатса, жас шамасына, жолына қарай мүшелеп, ет асамын, бауырсақ пісіріп, қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлеймін. Өйткені, мен – қазақтың келінімін ғой, – дейді ағынан жарылып.

«Мен – қазақтың келінімін» деп мақтанышпен жар салған халқымыздың дәстүрін, тілін, құрметтеген Надежда қазақтың бел баласындай десек, артық айтпаған болар едік.

8 Наурыз мерекесі қарсаңында Надежданы көктемнің жайма шуақ мерекесімен құттықтап, отбасына бақыт, шығармашылық табыстар тілейміз!

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 21 қаулысы

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 124-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 13 ақпанда № 3105 тіркелген.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 21 қаулысымен бекітілген

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. **Жалпы ережелер.**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мал шаруашылығын және мемлекеттік аграрлық саясатты жүзеге асыру жөніндегі басқару салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі және заңнамаға сәйкес осыған уәклеттігі берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен шешімдер қабылдайды.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Д. Сыздықов көшесі, 4, индекс 150100.

9. Мемлекеттік органның толық атауы мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Орыс тілінде: государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства Айыртауского района Северо-Казахстанской области».

10. Осы Ереже «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау турғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

13. Жұмыс тәртібі: «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бес күндік жұмыс аптасы орнатылады, жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспайды, күніне 8 сағат (9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін).

2. **Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауыл шаруашылығы саласын дамытуды қолдау және жетілдіру.

15. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні Айыртау ауданы аумағында мемлекеттік бірыңғай аграрлық саясатты және мал шаруашылығын іске асыру.

16. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігін іске асыру.

17. Мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік агрозаңды-түліктік бағдарламасын қаржылық қамтамасыз етуіне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен берілген кредиттік ресурстары мен бюджеттік қаржыларды мақсатты пайдаланулыын және толық игерілуін бақылау;

2) ауыл шаруашылық өндірісін және қайта өңдеуге жаңа техника және прогрессивті технологияларды енгізу;

3) ауданның барлық тауар өндірушілерін дамуы үшін ауыл шаруашылық нарығын реттеу механизмін құруға және қажетті экономикалық жағдайларды және оларды құқықтық қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

18. Функциялары:

1) мемлекеттік аграрлық саясатты басқару облысын іске асыру;

2) ауыл шаруашылығын техникалық қайта жарақаттандыруға қатысу;

3) ауыл шаруашылығындағы жергілікті және шетелдік жетістіктерді зерделеп оқу және насихаттау;

4) аудандық әлеуметтік-экономикалық даму, ауылдағы инвестициялық саясат пен әлеуметтік сапаның бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

5) экономикалық және статистикалық ақпаратты жинастыруды және талдауды жүзеге асырады, тұтынушылар суранымын, өткізу нарығының жағдайын талдайды;

6) ауыл шаруашылық өнімдерін тұтынушылар мен өндірушілердің байланыстарын іске асыруға ықпал жасайды;

7) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы

жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын мен механизмдерін, сондай-ақ өткізгішті жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бере отырып, мемлекеттік тіркеуге және қайта тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді;

8) тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын мен механизмдерін, сондай-ақ өткізгішті жоғары арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау жүргізу мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді;

9) кепілдік тракторы және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын мен механизмдерін, сондай-ақ өткізгішті жоғары арнайы машиналарға мемлекеттік тіркеу ралы куәліктерді беру және тіркеу жөнінде мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді;

10) тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын мен механизмдерін, сондай-ақ өткізгішті жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу ралы куәліктерді беру және тіркеу жөнінде мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді;

11) тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын мен механизмдерін, сондай-ақ өткізгішті жоғары арнайы машиналарды басқару куәлігін алуға емтихан қабылдау және куәлік беру бойынша мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді;

12) тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын мен механизмдерін, сондай-ақ өткізгішті жоғары арнайы машиналар ауырталығы жоқтығы (болуы) туралы ақпараттар беру мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді;

13) ауыл шаруашылық машиналарды мемлекеттік тіркеу бойынша есептік мөлметтерді «АӘК сапаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесіне» (ББАЗ) енгізеді;

14) заңнамамен көзделген жағдайларда машиналарды тіркеуден алуға шектеулер қояды;

15) жеке және заңды тұлғаларда ауыл шаруашылық техникасын тіркеудің болуы туралы құзырлы органдардың және иелерінің сұрауларына жауап береді;

16) көктемгі-егістік және астық жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдарын сатып алу, ауыл шаруашылық техникадың болуы, қажеттілігіне мониторинг және талдау жүргізеді;

19. Құқығы және міндеттері:

1) сотта талапкер және жауапкер болу;

2) өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін мемлекеттік органдардан, мекемелерден, ұйымдардан және уәклетті тұлғалардан қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

3) бекітілген тәртіпке сәйкес аудан бюджетіне салықтар және басқа да міндетті төлемдерді төлеу;

4) Қазақстан Республикасының заңдылық актілеріне сәйкес жауапты болу;

5) «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жолданған азаматтардың өтініштері орындалу мерзіміне және нәтижелеріне бақылау жүргізу;

6) «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен лауазым иелеріне кеңестік-әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастырушылық-техникалық және өзге де көмек көрсету.

3. **Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

20. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен басшылықты «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

21. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының әрекет ететін заңнамасына сәйкес тағайындалады және қызметтен босатыды.

22. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

23. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өклеттігі:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функцияларын ұйымдастырады және басқарады, уәклетті органға тікелей бағынады (басқа заңнамалармен бекітілген жағдай-да) әрекеттер мен әйелдердің мүмкіндіктері мен құқықтарын бірдей мемлекеттік кепілдік ету туралы заңдылығының орындалуын және мекемеге

жүктелген міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырады және жеке жауапкершілік етеді;

2) «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметіне байланысты мәселелерді бірыңғай бастама қағидасымен және Қазақстан Республикасы заңнамалары, осы Ереже бекіткен тәртіпте және өз құзыреті шегінде шешеді;

3) сенімхатсыз «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атынан әрекет етеді;

4) барлық ұйымдарда «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүддесін қорғайды;

5) заңнамаларда бекіткен жағдайда мүлігіне билік ету;

6) «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің іссапарлар мен сынақ істері, қазақстандық және шетел оқу орталықтарында қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша тәртібі мен жоспарын бекітеді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымын жасайды және бекітеді;

8) өз құзыреті шегінде жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді, нәтижелі қызметін жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтырды болдырмау жолымен жемқорлыққа қарсы заңнамалардың талаптарын орындау және кадрлық, бақылау, заңгерлік және басқа қызметтерді тарта отыра, оларда қарастырылған тәртіптік жазаларды қолданады, жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер бойынша жеке жауапкершілікке тартылады және «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мамандарының жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтарына жауапты.

9) «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өклеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оның алмастыратын тұлға орындайды.

24. Бірінші басшы өз орынбасарының өклеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. **Мемлекеттік органның мүлкі**

25. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшайыл кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлік ауданның коммуналдық меншігіне жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлкі және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкіті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. **Заңды тұлға және құрылтайшының арасындағы қарым қатынастар**

28. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі болып табылады.

29. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы және оның еңбек ұжымының арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес болады.

30. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әкімшілік мемлекеттік лауазымына құқылы азаматтар, заңнамалық тәртіппен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес ие болады.

31. Жұмысқа қабылдағанда жазбаша келісім-шарт жасасады, бұл шартта екі жақтың құқығы мен міндеттері айтылады, қызметкердің еңбек ақы төлеу шарты қолданыстағы заңнамаға сәйкес.

32. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің еңбек ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте анықталады.

33. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы және еңбек ақысы мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтіліне есепке ала және мамандығы бойынша олардың біліктілігіне, функционалдық міндеттеріне сәйкес белгіленеді.

6. **Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

34. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта құру (бірігу, қосу, айыру, бөлу, қайта құру) және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асады.

35. Ережеге өзгертулер мен толықтырулар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

36. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзырлығында ұйымдар, аумақтық органдар және мемлекеттік мекемелері жоқ.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 22 қаулысы

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 124-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 13 ақпанда № 3106 тіркелген.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 22 қаулысымен бекітілген

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі аудан аумағында ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомствосы бар.

2.1) «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринарлық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі - мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру - құқықтық түріндегі заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай - ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі және заңнамаға сәйкес осыған уәклеттігі берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штаттық санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 150100, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Д.Сыздықов көшесі, 4.

9. Мемлекеттік тілде мемлекеттік органның толық атауы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Орыс тілінде: государственное учреждение «Отдел ветеринарии Айыртауского района Северо-Казахстанской области».

10. Осы Ереже «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайлық құжаты болып табылады.

11. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілермен «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау турғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер өкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

13. Жұмыс тәртібі: «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді, жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспайды, күніне – 8 сағат (9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, үзіліс 13.00 сағаттан 14.00 сағатқа дейін).

2. **Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

